МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
АКТАУ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№17 «КҮНШУАҚ» БӨБЕКЖАЙЫ»
ЖЕДЕЛ БАСҚАРУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ
ОПЕРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ
«ЯСЛИ-САД №17 «КҮНШУАҚ»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ПО ГОРОДУ АКТАУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

130000 Ақтау қаласы, 8 ш/аудан, 41 ғимарат,
тел: 8 (7292) 60-30-60, факс 8(7292) 50-30-26,
эл.пошта 17.sad@mail.ru

130000 город Актау, 8 мкр., 41 здание,
тел: 8 (7292) 60-30-60, факс 8(7292) 50-30-26,
эл.почта 17.sad@mail.ru

02-07 № 21
18. 02. 2026 ж.

«BASTAU region-12» ЖШС
Чанбаева Жібек Теңгілбекқызына

Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «№17 «Күншуақ» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК № 15970847-1 конкурс бойынша «Тамақ өнімдерін арнайы автокөлікпен жеткізу шарттары» өлшемшарты бойынша «BEKONS» ЖШС-не 3 балл негізсіз берілгені туралы «BASTAU region-12» ЖШС-нің №277900 және №277800 шағымдарын қарап, төмендегіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығымен бекітілген Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес, «Тамақ өнімдерін арнайы автокөлікпен жеткізу шарттары» (3 баллдан аспайды) өлшемшарты бойынша балл төмендегі құжаттар ұсынылған жағдайда беріледі:

-техникалық паспорт деректері (автокөлік құралының техникалық сипаттамалары туралы мәліметтер, нөмірі, берілген күні, автокөлік маркасы, мемлекеттік тіркеу нөмірі, иесі);

-эпидемиялық маңызы елеусіз объект қызметінің (пайдалануының) басталғаны туралы хабарлама.

№598 Қағидалардың 8-қосымшасында тек рефрижераторлық қондырғының міндетті түрде болуы туралы талап көзделмеген.

«BEKONS» ЖШС (автокөлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірі 358AY12) конкурстық өтінім құрамында:

-автокөлік құралының барлық қажетті деректері көрсетілген техникалық паспортын;

-эпидемиялық маңызы елеусіз объект қызметінің (пайдалануының) басталғаны туралы хабарламаны;

-мамандандырылған автокөліктің бар екендігін растайтын анықтаманы ұсынған.

Ұсынылған құжаттар пакеті №598 Қағидалардың 8-қосымшасы талаптарына сәйкес келеді.

Осылайша, конкурстық комиссия «BEKONS» ЖШС-не 3 балл беру кезінде №598 Қағидалардың 8-қосымшасы талаптары шегінде әрекет етті. Конкурс қорытындысын аталған бөлік бойынша қайта қарауға негіздер жоқ.

«BASTAU region-12» ЖШС-нің арнайы автокөлікке балл есептеу бөлігіндегі шағымы қанағаттандырусыз қалдырылады.

Осы жауаппен келіспеген жағдайда, сіз Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабына сәйкес белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылысыз.

Директор **Ж.Абдибаева**

Орындаған: Н.Төреханова
8(7292) 60-30-60